

## **Жүзуге тыйым салынған аудандарды белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 шілдедегі № 334 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 шілдеде № 21004 болып тіркелді

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-5-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жүзуге тыйым салынған аудандар белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі*

*Н. Ермекбаев*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2020 жылғы 21 шілдедегі  
№ 334 бұйрығына  
1-қосымша

## **Жүзуге тыйым салынған аудандар**

1. Әскери корабльдер мен кемелер үшін оқу-жаттығулар өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1) калибрі 30 мм дейінгі қарудан және корабльдердің зымыран қару-жарағынан оқ атуды жүргізу, корабльдердің жеке және бірлесіп жүзуін пысықтау үшін мынадай координаталарымен нүктелерде жүзуге тыйым салынған аудандар белгіленеді:

Р/с №	Атауы	Координаталар		Ескертпе
		Н ендігі	Е бойлығы	
1.	№ 215 аудан	44 <sup>0</sup> 50'06"	50 <sup>0</sup> 18'56"	
2.		44 <sup>0</sup> 50'06"	50 <sup>0</sup> 48'00"	
3.		44 <sup>0</sup> 38'47"	50 <sup>0</sup> 18'56"	
4.		44 <sup>0</sup> 38'47"	50 <sup>0</sup> 48'00"	

2) атыс қаруынан және корабльдік, артиллериялық қондырғылардан оқ атуды жүргізу, корабльдердің жеке және бірлесіп жүзуін пысықтау, оқу-жаттығу миналарын орнату және оларды тралдау үшін мынадай координаталарымен нүктелерде жүзуге тыйым салынған аудан белгіленеді:

Р/с №	Атауы	Координаталар		Ескертпе
		Н ендігі	Е бойлығы	
1.	№ 244 аудан	43 <sup>0</sup> 50'00"	50 <sup>0</sup> 40'00"	
2.		44 <sup>0</sup> 05'00"	50 <sup>0</sup> 40'00"	
3.		44 <sup>0</sup> 05'00"	50 <sup>0</sup> 52'30"	
4.		43 <sup>0</sup> 50'00"	50 <sup>0</sup> 52'30"	

3) атыс қаруынан, корабльдік, артиллериялық, зениттік қондырғылардан және зымыран қару-жарағынан оқ атуды жүргізу, корабльдердің жеке және бірлесіп жүзуін пысықтау, теңіз десантын түсіру, оқу-жаттығу миналарын орнату және оларды тралдау үшін мынадай координаталарымен нүктелерде жүзуге тыйым салынған аудан белгіленеді:

Р/с №	Атауы	Координаталар		Ескертпе
		Н ендігі	Е бойлығы	
1.	№ 216 аудан	43 <sup>0</sup> 26'00"	51 <sup>0</sup> 13'00"	№ 2 нүктеден № 3 нүктеге дейін жағалау сызығы бойынша
2.		43 <sup>0</sup> 26'00"	51 <sup>0</sup> 19'00"	
3.		43 <sup>0</sup> 09'30"	51 <sup>0</sup> 16'00"	
4.		43 <sup>0</sup> 09'30"	51 <sup>0</sup> 12'00"	

№ 216 ауданда оқ атулар тек шығыс бағытында жүргізіледі.

4) атыс қаруынан, корабльдік, артиллериялық, зениттік қондырғылардан және зымыран қару-жарағынан оқ атуды жүргізу, корабльдердің жеке және бірлесіп жүзуін пысықтау, оқу-жаттығу миналарын орнату және оларды тралдау үшін мынадай координаталарымен нүктелерде жүзуге тыйым салынған аудан белгіленеді:

Р/с №	Атауы	Координаталар		Ескертпе
		Н ендігі	Е бойлығы	
1.	№ 217 аудан	42 <sup>0</sup> 55'42"	51 <sup>0</sup> 28'48"	№ 2 нүктеден № 3 нүктеге дейін жағалау сызығы бойынша
2.		43 <sup>0</sup> 03'48"	51 <sup>0</sup> 41'54"	
3.		42 <sup>0</sup> 49'48"	51 <sup>0</sup> 54'42"	
4.		42 <sup>0</sup> 42'18"	51 <sup>0</sup> 41'18"	

1.		42°25'00"	52°22'00"	
2.	№ 241 аудан	42°25'00"	52°38'12"	№ 2 нүктеден № 3 нүктеге дейін жағалау сызығы бойынша
3.		42°04'48"	52°25'24"	
4.		42°04'48"	52°08'00"	

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін қорғау және навигациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай координаталарымен нүктелерде жүзуге тыйым салынған аудан белгіленеді:

P/c №	Атауы	Координаталар		Ескертпе
		N ендігі	E бойлығы	
1.	№ 200 аудан	45°12'00"	51°15'00"	
2.		45°09'00"	51°08'00"	
3.		45°25'20"	51°01'40"	
4.		45°35'54"	51°12'56"	
5.		45°42'48"	51°43'00"	
6.		45°40'56"	52°15'00"	
7.		45°24'00"	52°15'00"	№ 7 нүктеден № 1 нүктеге дейін жағалау сызығы бойынша
1.	№ 214 аудан	44°54'00"	50°32'00"	
2.		45°18'54"	50°25'00"	
3.		45°12'06"	50°43'50"	
4.		45°12'48"	50°46'40"	
5.		45°21'20"	50°58'18"	
6.		45°25'20"	51°01'40"	
7.		45°09'00"	51°08'00"	

Жүзуге тыйым салынған аудандардың координаталары "Координаталардың, биіктіктердің, гравиметриялық және спутниктік өлшемдердің, сондай-ақ мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлар масштабтық қатарының бірыңғай мемлекеттік жүйелерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы № 1403 қаулысымен белгіленген координаталар жүйесінде көрсетілген.